So the spirit "Brighten the corner where you are" stands for the idea of doing the best for the benefit of obtaining the brightest and cleanest outcome. When each person of the nation does light his own corner, he and his family enjoy happiness, and ultimately the entire world can enjoy freedom, peace, and happiness. By practicing the "Brighten the Corner where you are " spirit, we can build a beautiful world of harmony. The movement "Brighten the Corner where you are" is a way through which all of us can reach happiness and self-innovation.

**A. MULDAGALIYEVA**



*Prepared by* ***A.A. MULDAGALIYEVA***

## Regional Workshop "Biosphere Reserves in the Conditions of Climate Change and Loss of Biodiversity" was held at Al-Farabi Kazakh National University

# ПАМЯТИ УЧЕНОГО И ПЕДАГОГА

**Халиков Калимулла Халикович прошел тернистый, трудный, но славный жизненный путь. Он был профессиональным юристом с большой буквы, хорошим педагогом, ученым, человеком доброй души, широкого кругозора, твердых принципов.**

К.Х. Халиков родился 24 июня 1938 года в посёлке Новая-Казанка Западно-Казахстанской области. В 1960 г. поступил на юридический факультет Казахского государственного университета имени С.М. Кирова (ныне имени аль-Фараби). В 1965 году, по окончании КазГУ, как отличник учёбы был направлен в Академию наук КазССР в аспирантуру с рекомендацией Ученого совета юридического факультета. С 1966 года по 1969 год проходил аспирантскую подготовку под научным руководством доктора юридических наук Василия Николаевича Маркелова. Досрочно представив к защите кандидатскую диссертацию по проблемам необходимой обороны в уголовном праве, которая была успешно защищена в феврале 1970 года, продолжал работать научным сотрудником АН КазССР. Многие научные предложения К.Х. Халикова в последующем были реализованы, особенно при принятии нового Уголовного кодекса Республики Казахстан.

В июне 1970 года К.Х. Халиков перешёл на преподавательскую работу. Тридцать семь лет успешно совмещал преподавательскую деятельность с административной работой. Так, с ноября 1977 года по 1987 год был заместителем декана, деканом заочно-вечернего обучения юридического факультета КазГУ, с февраля



1987 года по ноябрь 1996 работал проректором заочно-вечернего обучения, проректором по учебной работе, первым проректором КазГУ им. аль-Фараби. С ноября 1996 года по август 2000 года занимал должность первого проректора Казахского государственного юридического института, переименованного в Казахскую государственную юридическую академию, а затем в Казахский государственный юридический университет.

С ноября 1999 года по август 2000 года исполнял обязанности ректора КазГЮУ. До ноября 2000 года работал начальником отдела гуманитарных наук Высшего аттестационного комитета Республики Казахстан. С 2001 по 2007 годы заведовал кафедрой судебной власти и уголовного процесса юридического факультета КазНУ имени аль-Фараби. В 2002 году по инициативе профессора К.Х. Халикова кафедра уголовного процесса юридического факультета КазНУ переименована в кафедру судебной власти и уголовного процесса.

Особое место в творчестве Калимуллы Халиковича Халикова занимает изучение судебной власти. Обладая острым научным чутьём, аналитическим складом ума и большой эрудицией, он сумел показать новую роль судебной власти и процессуальных форм деятельности в современных условиях осуществления правовой реформы.

Бесспорным достижением является его докторская диссертация. В ней на основе анализа научных теорий, законодательных решений и судебной практики дана глубокая концепция судебной власти и сформулированы правила применения нормативных определений понятий «правосудие», «судебная власть». Эта работа получила большое научное признание как в Казахстане, так и за рубежом.

В его творчестве плодотворно сочетаются глубокий научный подход и тонкий логико-юридической анализ, интерес к проблемам правовой науки и острая критика отдельных теорий и практики в области судебной власти, уголовного права и уголовно-процессуального права. Им опубликовано более двухсот публикаций. Одной из наиболее ярких достижений К.Х. Халикова была его работа «Правоохранительные органы в Республике Казахстан», опубликованная на государственном языке, в которой он показал особенности казахстанского законодательства в организации и деятельности, как органов суда, так и других правоохранительных органов, с обретением независимости и суверенитета Республики Казахстан. В своё время она была одной из первых работ, глубоко осветивших эти вопросы.

Заслуги Калимуллы Халиковича были не раз отмечены. Он обладатель многих медалей, нагрудных знаков и орденов. В их числе «Құрмет», юбилейная медаль «10-летию Конституции Республики Казахстан», «10 -летию Парламента Республики Казахстан» и многие другие.

Педагог, организатор высшего образования, Калимулла Халикович ставил перед собой высокую планку – он был убежден, что основной задачей университетского образования, как и образования в целом, является удовлетворение образовательных потребностей личности. Всегда хотел, чтобы сфера образования развивалась, шла вперед, опираясь на опыт передовых стран.

**А. ШАРИПОВА,**
*к.ю.н., и.о. доцента кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики*

# МӘРТЕБЕЛІ МАТЕМАТИК – ДАҢҚТЫ ДАНАЕВ




**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Қазақ университеті» баспасынан еліміздің мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ұстаз-ғалымдарына, Қазақстан ғылымы мен білімінің бастауында тұрған тұлғаларға арналған «Өнегелі өмір» атты сериялық кітап шығаруын одан әрі жалғастыруда. Кезекті 148-шығарылымы физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық инженерлік академиясының және Халықаралық инженерлік академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты – Нарғозы Данаевқа арналды.**



Ол – математика саласында өлшеусіз еңбек сіңірген ғұлама ғалым, ұлағаты мол ұстаз. Нарғозы Тұрсынбайұлы – 1948 жылы 3 қыркүйекте Жамбыл облысы Талас ауданы Майтөбе ауылында дүниеге келген. 1972 жылы С.Киров атындағы ҚазМУ-ды бітірген соң, 1972-1982 жылдары академик Николай Яненко басшылығымен КСРО Ғылым академиясының Сібір бөлімшесінде аспирантура мен ғылыми тәжірибеден өтіп, еңбекке араласты. 1987 жылдан бастап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика және қолданбалы математика факультетінде қолданбалы анализ кафедрасының доценті, 1984-1989 жылдары декан орынбасары, 1996-2000 жылдары декан қызметтерін атқарды. 1994 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің математика және механика Ғылыми зерттеу институтының директоры болып еңбек етті. Кітап Бас редактор Ғалымқайыр Мұтановтың кіріспесөзімен басталады. Одан әрі ғалымның таңдамалы еңбектері, баспасөз бетінде жарық көрген сұхбаттары, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері топтасқан. Сондай-ақ жинақта Нарғозы Данаевтың ғылыми-педагогикалық қызметін, отандық білім-ғылымға қосқан үлесін, азаматтық келбетін сипаттайтын әріптес-шәкірттері мен достарының лебізі, туған-бауырларының ыстық ықыласқа толы естеліктері берілген. «Таңдамалы ғылыми еңбектері» бөлімінде қисық сызықты координаттарда Навье Стокс теңдеулерінің сандық әдістерімен шешуге арналған есептері мен отандық және шетелдік ғалымдармен бірігіп жазған еңбектері берілген. «Баспасөз беттерінен» бөлімінде автордың республикалық басылым беттерінде жарияланған «Ғылымға деген ықылас бізде әлі күнге төмен», «Қаржыландырудың жаңа ережелері мемлекеттік тапсырысқа жол ашты» сұхбаттарымен таныса аламыз. Талғат Ормановтың «Өшпес мұра қалдырған азамат», Жұлдыз Нұрғалиқызының «Терең білім – білгір маман негізі» мақалалары оқырман жүрегіне жол тапқан. «Ғалым және дана ұстаз» бөлімі – математик ғалымның ғылым биігінде қатар жүрген әріптестері Бақытжан Жұмағұлов пен Нұрлан Темірбековтің «Ғылымға адал ғалым» мақаласымен басталып, 40 жыл бірге еңбек еткен досы, әрі әріптесі Мұрат Орунхановтың «Друг и коллега» естелігімен жалғасады. Сондай-ақ Шахбаз Ершиннің «Немного о Нарғозы Данаеве», Мұхтарбай Өтелбаевтың «Аса дарынды математик» атты сыршыл естеліктері көпқырлы математиктің болмысын айшықтай түседі. Қырғызстандық әріптесі, әрі досы, профессор Аманбек Жайнақовтың: «Қазақ пен қырғыз – бір туған. Сондықтан Нарғозыдай қазақ ұлдары қырғыз жерінде де зор абыройға ие болды. Адамдық мол қасиеттерінің арасында – әділдігін, адалдығын, шыншылдығын ерекше бағаладым» деген сөздері шетелдік әріптестері Мирсаид Арипов, Зиявидин Юлдашев, Валентин Пеньковский, Бахтиер Хужаеров пен Пейман Гивидің In Memory of Professor Nargozy Danaev атты жүрекжарды лебіздерін қуаттай түседі. «Рухы асқақ азамат» бөлімінде бала күнгі ұстазы Сара Жанғазиеваның «Атына заты сай шәкіртім еді» мақаласымен басталып, «Баламен баладай, данамен данадай сөйлесетін ардақты жан», «Біз қалай математик болдық?» мақалаларының авторы Мұсахан Әлжанов пен Қапал Көксалoвтар ғалымның бала күнгі оқиғаларынан сыр шертеді. Ерген Мәдімаровтың «Нарғозыда жат жоқ болатын» мақаласы бала математиктің дана математикке айналған шағын айқындай түскендей. «Ізің қалды өшпестей» бөлімінде республиканың әр аймағында жүрген ғалым шәкірттерінің ыстық лебіздері жинақталған. Нұрлан Темірбеков, Дархан Ахмед-Заки, Ерлан Ерғалиев, Хайрулла Байшагиров, Асқар Ибраев, Ғабит Мұхамедиев, Дәурен Жакебаев, Мейрамбек Тастанов, Адамбек Тәтенов, Фарида Аменоваларының «Ұстаз – ұлы есім», «Үлгі өнеге», «Жарқын бейнелі азамат», «Ұлағатты ұстаз жайлы бір үзік сыр» атты эссе естеліктері ғалымның ұстаздық болмысы мен дара тұлғасын айшықтай түсіп, шәкірт сағынышынан сыр шертеді. «Отбасы» бөлімінде ғалымның аяулы жары Сәнім Еламанованың сұхбаты мен аға-женге, іні-қарындастарының, ұл-қыздары мен келіндерінің, немерелері мен жиендерінің жан тебірентерлік толғауларымен толысады. Нарғозы Тұрсынбайұлы – математика ғылымын дамыту мен кадрлар даярлауға қосқан зор үлесі үшін 1994 жылы ғылым, техника және білім салаларындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 2001 жылы ҚР БҒМ-ның «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытқаны үшін» белгісімен, Қазақстан Республикасы Президентінің алғысхаттарымен марапатталды. Қазақстан Республикасының құрметті қызметкері, жоғары оқу орнының үздік оқытушысы. Ғалымның өнегелі өмірі жастарға қашан да – үлгі һәм өнеге.

**Нұрлыайым ДАНАЕВА,**
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы*

**26-28 қыркүйек аралығында Қиыр Шығыс кафедрасының ұжымы Тараз қаласының мектептерінде кәсіби бағдар беру апталығын өткізеді**

# Ключ к возможностям

**В нынешнее время высшее образование – это ключ к будущему. Не только юный выпускник школы, но и каждый человек в любом возрасте стремится получить качественное образование.**



И не удивительно, что Казахский национальный университет имени аль-Фараби в этом году стал абсолютным лидером среди вузов страны по количеству полученных грантов на обучение. Более 6,6 тысяч лучших выпускников школ в этом году выбрали КазНУ и получили государственный образовательный грант.

Сегодня каждому открыты дороги к знаниям, познанию мира и это помогает людям быть в курсе событий. Я очень горжусь, что учусь в лучшем университете Казахстана, который предоставил мне возможность получать качественное образование и открыл путь для карьерного роста.

КазНУ тесно сотрудничает с более 400 ведущими университетами мира, а партнерами факультета истории, археологии и этнологии, где я «грызу гранит науки», являются такие известные вузы как: Wisconsin-Madison University, Cambridge University, La Sapienza University, University of Goettingen и другие.

Сейчас я магистрант второго курса этого факультета и с уверенностью могу сказать, что в университете есть все условия для успешного обучения, реализации научных и творческих интересов студентов. Например, на четвертом курсе бакалавриата, в рамках программы академической мобильности, я один семестр обучалась в университете имени Адама Мицкевича в г.Познань (Польша). Благодаря этой программе я обрела новых друзей со всех уголков мира, получила большой опыт и новые знания у иностранных преподавателей, посетила исторические центры крупных городов Европы.

Так же обучаясь в магистратуре я проходила стажировку в университете Ла Сапиенца (Италия). Двухнедельная стажировка в Риме была для меня очень полезной и познавательной. Я участвовала в научных семинарах разной тематики, встречах и дискуссиях со студентами, поработала в фондах библиотеки университета.

В заключении хочется сказать, что я горжусь обучением в КазНУ, а его главной доминантой считаю престижность, качество образования, международный уровень подготовки преподавателей, активную и интересную студенческую жизнь и предоставление больших возможностей для студентов и молодых ученых.

**А. БАЙМОЛДИНА,**
*магистрант 2 -курса факультетаистории, археологии и этнологии*

# СТУДЕНТТЕР ШЫҢҒА ШЫҚТЫ

**1979 жылы Испанияның Торремолинос қаласында Бүкілдүниежүзілік туристік ұйымның Бас ассамблеясының жарғысымен Халықаралық туризм күні бекітілген. Ал 1980 жылдың 27 қыркүйегінен бастап жыл сайын Халықаралық деңгейде мерекелі күн ретінде аталып өтілуде. Мерекенің мақсаты – туризмнің мәдениет саласын дамытудағы үлкен жетістігін көрсету, оның әлемдік қауымдастықтың экономикасына қосар үлесін арттыру, әртүрлі елдер халықтарының арасындағы байланысты дамыту. Бұл күні туристердің слеті, мерекелік іс-шаралары мен фестивальдары ұйымдастырылады.**

Атаулы кәсіби мереке аясында, география және табиғатты пайдалану факультеті, рекреациялық география және туризм кафедрасының ұйымдастыруымен дәстүрлі Құмбел (3200 м.) шыңына шығуға арналған тау жорық ұйымдастырылды. Шараға университет студенттері мен ұстаздары және қала тұрғындары қатысты.

Жорық Кіші Алматы шатқалында орналасқан Ақбұлақ аялдамасынан басталып, қала тұрғындары мен туристердің сүйікті табиғи демалыс орнына айналған Көкжайлау асуының оңтүстігінде орналасқан Құмбел шыңына шығумен аяқталды.

Құмбел шыңы – Құмбел жотасының соңғы жағын болып келген. Солтүстік беткейлері Көкжайлау шатқалына құлайды. Оңтүстік беткейлері Үлкен Алматы шатқалының бір саласы Терісбұтақ шатқалына қарайды. Шығыс және солтүстік-шығыс беткейлері Горельник шатқалына тиесілі. Шыңның аты жотаның рельефіне сай. Алматы қаласынан анық көрінетін бұл шыңға демалыс күндері туристер өте жиі келеді.

Биылғы жорыққа қатысып, биік шыңға шыққандардың саны 120-дан асты. Сонымен қатар, әрбір жорыққа қатысушы өздерімен бірге естелік ретінде арнайы даярланған белгішеге қол жеткізе алды.



Күннің суық, әрі жаңбырлы кезіне қарамай, жорыққа қатысушылардың көңіл-күйін көтеруге, олардың тау жолдары жеңіл де, қауіпсіз болуына, ыстық шай және тағамдармен қамтамасыздандыруына Алматы қаласының спорттық туризм Федерациясы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің «Буревестник» туристік спорт клубы, Қазақстанда туризм мен спортты дамыту «ЖасТур» ұйымы да өз үлестерін қосты.



Кең байтақ қазақ жерінің тамылжыған табиғатының бағына біткен байлығы барда, туризм саласы кенже қалмақ емес. Әсіресе, отандық туризм саласында ішкі туризмге бағытталған бірқатар игі шаралар қолға алынып келе жатыр. Мәселен, тау туризміне деген қызығушылық, адамдар арасында үлкен қызығушылыққа айналып отыр. Қазір Алматы, Алматы облысы, Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстарында тау туризміне қызығатын жастар көбейген. Олар бірнеше күндік тау саяхаттарына қатысып, биік шыңдарға, моренді көлдерге барып жүр. Оның ең үлкен көрсеткішіне, алматылықтар ие болған. Өйткені, сенбі-жексенбілік тауда саяхаттауды ұнататындарды таудан көптеп кездестіре аласыз. Демек, тау туризмі бұқаралық сипат алып келеді. Елімізде тау туризмін насихаттауда, студент жастар әлеуметтік желілер арқылы өз үлестерін қосып отыр. Әлеуметтік желі-осы уақытта көпшіліктің табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып келеді. Ол үнемі компьютер, ұялы телефонға телміре беретін жастар үшін пайдалы, әрі салауатты өмір салтын қалыптастыратын бірден-бір жақсы қасиет деуге болады. Тау – табиғаттың кіршіксіз дүниесі. Сондықтан ол үнемі адамдарды өзіне еріксіз тартып тұрады. Тартылыс күші бар. Тауға бір шыққан адам, екінші рет қайта шыққысы келеді. Салауатты өмір салтын ұстанғыңыз келсе, сіз де тау туризміне көңіл бөліп көріңіз.

**Руслан БАЙБУРИЕВ,**
*рекреациялық география және туризм кафедрасының аға оқытушысы*

**Студенты КазНУ отметили Международный день туризма**

# Кереметтегі керемет кездесу

**Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында университетімізде бірқатар шаралар өтуде. Соның бірі «Керемет» СҚКО кинозалында өткен Кинокездесу жобасының жаңа оқу жылында қайта бастау алуы.**



Көрерменнің ыстық ықыласына бөленген кинотуындылар кейіпкерлері мен авторларының қатысумен өтетін мұндай шаралардың студент жастарға берері көп. Кезекті кездесудің өтуіне әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультеті мен ҚазҰУ Телерадиокешені ұйытқы болды. Ал «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы мен «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы басты серіктес ретінде қолдау көрсетті.

Киноөндірісі әлемде гуманистік идеологияны таратушы ең тиімді құрал және оның жастарды тәрбиелеу үдерісінде маңызы зор. Сондықтан «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында көрерменге айтар ойы бар, тәрбиелік мәні жоғары, жаңа фильмдерді жастар арасында насихаттау көзделіп отыр. Осы мақсатта әрі жастардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін тоқсан сайын кинокездесу жобасы өткізілмекші.

Алғашқы жобаға «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының тапсырысы бойынша түсірілген «Жаным менің» көп бөлімді телехикаясы таңдалғаны бекер емес. Себебі бұл фильм біздің университетіміздің студенттері жайлы, бір сөзбен айтқанда махаббатқа толы жастық шақ туралы. Бұл телехикаяға 1985-1992 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Журналистика факультетінде оқыған жастардың шынайы өмірі негіз болған. Фильмде кейіпкерлердің 1985 жылдары ҚазҰУ қалашығындағы түрлі оқиғаға толы Алматыдағы студенттік кездері мен қазіргі кездегі Астанадағы шым-шытырық оқиғалары кезектесіп беріліп отырады.

Аз уақыттың ішінде танымал болған «Жаным менің» телехикаясының түсіру тобы мен актерлар құрамымен кездесуге келген көрермендер залға лық толы болды. Кештің басты қонақтары ретінде: «Qazaqstan» ҰТА Аутсорсингтік компаниялармен жұмыс істеу бөлімінің басшысы Сәуле Жәнібекқызы Жиреншина, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сағатбек Медеубекұлы, фильмнің идея авторы әрі бас продюсері Арман Сқабылұлы, сценарий авторларының бірі Жәмит Көшербаев, басты рөлдерді сомдаған Гүлназ Ауданбаева мен Қуаныш Бейсеғалиев және өзге де актерлар құрамы қатысты. Айтпақшы фильмнің композиторы әрі әуендерін өңдеген Оразалы Мақсұтов пен саунтректегі әндерді орындаған Жандос Абдраимов пен Алуа Қосанова да келіп қатысып, көрермендермен қауышты.



Кинокездесу аты айтып тұрғандай алдымен экраннан осы фильмнің саунтректері Ж. Абдраимов пен А. Қосанованың орындауында берілді. Сосын телехикаяның алғашқы бөлімі көрсетіліп, ол аяқталған соң, сұрақ-жауап кезеңі басталды. 40 минуттан астам әр сериясының өзі жеке фильмге тұрарлық мәнге ие. Залға жиналған жастар өздерін фильм барысында толғандырған сауалдарына жауап алды.





Негізгі сауалдар легі «Жаным менің» жобасының идея авторы Арман Сқабылұлына қойылды. Фильмдегі басты кейіпкерлер Жаным мен Арманның бір-біріне деген адал махаббаты, қос ғашықтың мұңға толы тағдыры ешкімді бей-жай қалдырмады. Сөз арасында Арман аға телехикаядағы басты рөл прототиптері әлі де өмір сүріп жатқанын айтып, көрермендерді ынтықтырып қойды. Көрермендер осыдан соң-ақ, Арман ағаға сұрақтарды қарша боратты.

Басты рөлдерді сомдаған актриса Гүлназ Ауданбаева (Жанымның қазіргі кезі) мен актер Қуаныш Бейсеғалиев (Арманның жас кезі) өздерінің бұл жобаға қалай келгендерін айтса, сценарист Жәмит Көшербаев түсірілім барысында болған қызықты жайттары әңгімелеп берді. Фильмнің бірден танымал болуына себеп болған әнші Табылды Досымовтың әндері. Ол жайында композитор әрі фильмдегі әуендерді өңдеген Оразалы Мақсұтов және саунтректегі әндерді орындаған Жандос Абдраимов пен Алуа Қосанова әсерлене әңгімеледі. Ал «Qazaqstan» ҰТА Аутсорсингтік компаниялармен жұмыс істеу бөлімінің басшысы Сәуле Жәнібекқызы ұлттық арнада көрсетіліп жатқан сапалы, тәрбиелік мәні мол өзге де телетуындыларды атап өтті. Сонда және ең бастысы алдағы уақытта бұл телехикаяның жалғасы болуы мүмкін деп, көрермендердің қошеметіне бөленді.

Кездесу соңына қарай көрермендердің сұрауына орай жас әнші Алуа Қосанова табиғи дауыста ән орындаса, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Телерадиокешенінің директоры, кеш жүргізушісі Дәурен Мақсұтханұлы мен "Сұңқар" студенттер мен магистранттар кәсіподағының төрайымы Шұғыла Бүрлібайқызы мәртебелі меймандарға ұйымдастырушылар атынан арнайы Алғыс хаттар мен шағын сый-сыяпаттар жасады. Қонақтармен қимай коштасқан көрермендер осындай шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын тапса деген ниетпен қимай қоштасты.

**Дәурен МҰХАМЕДЖАНОВ,**
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Телерадиокешенінің директоры*

**P.S.** Кинокездесудің толық нұсқасын алдағы уақытта #AlfarabiTV интернет арнасынан көріп, #AlfarabiFM интернет радиосынан тыңдауға болады.

*Қара шаңырақ- КазГУ «Жаным менің» телехикаясының түсірілім тобын жақсы қарсы алды. «Кереметте» (кинозал) керемет әңгіме болды. Айтылмаған сыр қалмады. Тіпті «айтпаймын» деген кейбір құпияны зал толы жастардың көңіліне қарап айтып қойдық. Жә, оны асықпай жазармыз. Әдемі әңгіменің әсерінен әлі арыла алмай отырған жайымыз бар.*

***Арман Сқабылұлының фейсбук парақшасынан***



**В кинозале ЦОС «Керемет» КазНУ стартовал проект «Кинокездесу»**

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАС ТАЛАПКЕР!




Саналы әрі үлкен мақсатқа толы талапкердің сапалы білім алуы үшін еліміздегі жетекші оқу орнын таңдауы аталмыш университетке деген жоғары сенімді білдіреді.

ҚазҰУ әлемдегі үздік топ-220 ЖОО-ның қатарында әрі білім, ғылым және инновацияның жетекші орталығы болып табылады. Университетте әлемнің әйгілі жоғары оқу орындарымен серіктесе отырып қосдиплом білім бағдарламалары белсенді енгізілуде, оқыту ағылшын тілінде жүзеге асып, көптеген жаңа мамандық ашылуда.

Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы алаңында өткен мерекелік шарада «Al-Farabi Smart Unversity», «100 кітап», «Айналаңды нұрландыр!», «Ар-намыс кодексі», «Саламатты дене мәдениеті» сынды университеттің негізгі жобалары композициялық қойылымдар арқылы 1-курс студенттеріне таныстырылды. Әсем әуен аясындағы тағылымы мол көріністердің көпшілігін бірінші курс студенттері жоғары курс студенттерінің көмегімен әзірледі.

Дәстүр бойынша бірінші курс студенттеріне білімнің символдық атрибуты беріліп, ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов студенттерге салтанатты түрде ID карта мен білім кілтін табыстады. Бұл марапаттар экономика және бизнес жоғары мектебінің бірінші курс студенттері әрі «Алтын белгі» иегерлері: Абылай Ерболов пен Аяужан Мұхаметханға ұсынылса, «Білім кілті» ақпараттық технологиялар факультетінің студенттері: «Алтын белгі» иегері Жігер Баймырза мен халықаралық олимпиаданың жеңімпазы Іңкәр Шағырбайға табысталды.

Мерекелік шарада студенттер университет пен ел игілігі үшін бетке ұстар азамат болуға, оның абыройын асқақтатуға, бәсекеге қабілетті маман болуға ант беріп, «Гаудеамус» және «Жасай бер, ҚазҰУ-ым» әнін хормен шырқады. «Студенттік билет» пен «Білім кілтін» иеленген 1 курс студенттері ресми түрде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері қатарына қосылды.

Салтанатты шараға университет басшылығы, университеттің танымал түлектері мен құрметті қонақтар, оқытушылар, жастар ұйымдарының белсенділері және спорт шеберлері қатысты. Мерекелік кеш соңы әр факультеттің өкілдері дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.

**Баспасөз қызметі**












**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактордың міндетін атқарушы: ***Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ***
Тілшілер: ***Айнұр АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА***
Фототілші: ***Марат ЖҮНІСБЕКОВ***
Корректор: ***Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА***

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

***Бағасы келісім бойынша.***
***Таралымы 1000 дана***
***Тапсырыс: №1293***

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.